

3) әр облыстан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан екіден артық емес жеңімпаздардың үздік жұмысы (жеңімпаздардың қатысуымен бейнеролик).

10. Материалдар «Тәуелсіздік – ел тұғыры» атауымен

- [rcdd\\_info@mail.ru](mailto:rcdd_info@mail.ru) электрондық поштасына **2019 жылдың**

**11 желтоқсанына** дейін жіберіледі.

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен (пошталық штемпель бойынша) материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

### **3. Байқау қатысушылары мен шартына қойылатын талаптар**

11. Байқауға меншік нысанына, тәрбие мен оқытудың тіліне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардағы 3-6 (7) жастағы балалар қатысады.

12. Байқау барысында ҚР ақындарының жеке туындылары, сондай-ақ шығармалардан үзінді қолдана алады.

13. Өлең оқу ұзақтығы – 3 минутке дейін. Орындау кезінде музыкалық қолдау, декорациялар, костюмдер қолдануға болады.

14. Байқауға қатысушы автордың, туындының атауын жариялайды.

### **4. Бағалау критерийлері**

15. Орындау деңгейі 3 ұпайлық жүйемен келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- таңдалған материалдың Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- автор мен туынды атауын жариялай білуі;
- әдеби туындыға интонация, ым, ишара арқылы өз көзқарасын білдіре білуі;
- шығарма мәтінін білуі және дұрыс айтуы;
- сыртқы келбетінің сәйкестігі.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

16. Келесі номинациялар бойынша жүлделі орындар белгіленеді:

- «Орта топтарының тәрбиеленушілері арасындағы ең үздік өлең орындаушысы» (1, 2, 3, орындар беріледі);
- «Ересек топтарының тәрбиеленушілері арасындағы ең үздік өлең орындаушысы» (1, 2, 3, орындар беріледі);
- «Мектепалды даярлық топтарының тәрбиеленушілері арасындағы ең үздік өлең орындаушысы» (1, 2, 3, орындар беріледі);
- «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы бойынша алғыс хаттармен марапатталады.

17. Байқау қорытындысы мен Байқауға ұсынылған материалдар Орталықтың [www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz) сайтына орналастырылады.

**Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 28-09-50**